- Сізде миокард инфарктісі, инсульт немесе онымен байланысты денсаулықпен проблемалар сияқты жағдайлардың даму қаупін арттыратын басқа факторлар бар. Бұл жағдайлар атеросклероз деп аталатын аурудан туындауы мүмкін. Атеросклероз қан тамырларда (артерияларда) май шөгінділерінің жиналуы нәтижесінде дамиды.

Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезінсеңіз, дәрігерге қаралыңыз.

Розувастатин-Тева препаратын қабылдау не үшін маңызды

Бұл препарат қандағы липидтер деп аталатын майлардың мөлшерін азайту үшін қолданылады, олар спецификалық кешендердің (липопротеидтердің) құрамында холестеринді қанға және әртүрлі ағзаларға тасымалдауға қатысады. Холестериннің әртүрлі түрлері бар – «жаман» (тығыздығы төмен липопротеин холестерині (ТТЛП)) және «жақсы» (тығыздығы жоғары липопротеин холестерині (ТЖЛП)).

Розувастатин-Тева препараты:

- «жаман» холестеринді (ТТЛП) азайтуға және «жақсы» (ТЖЛП) жоғарылатуға ықпал етеді;

- «жаман» холестерин (ТТЛП) өндірісін бөгейді және оның организмнен шығарылуына ықпал етеді.

Қан талдауы бойынша анықталатын холестерин деңгейі жоғары адамдардың көпшілігінде ешқандай симптомдар байқалмайды. Алайда, егер холестериннің жоғары деңгейін (әсіресе, ТТЛП) төмендетпесе, май шөгінділері оларды елеулі тарылта отырып, қантамырларда жинақталуы мүмкін. Тарылған қантамырлар өз кезегінде жүрекке және/немесе миға қанның толық жеткізілуін қамтамасыз ете алмайды, осылайша жүрек ұстамасы немесе инсульттің дамуына ықпал етеді. Қандағы холестерин деңгейін төмендете отырып, және қандағы холестерин деңгейін үнемі бақылай отырып, Сіз миокард инфарктісінің, инсульттің немесе басқа да онымен байланысты жай-күйлердің даму қаупін елеулі төмендетесіз.

Сіз холестерин деңгейі төмендеп, қалыпты деңгейге оралғанда да Розувастатин-Тева препаратын қабылдауды жалғастыруыңыз керек, өйткені егер Сіз препаратты қабылдауды тоқтатсаңыз, холестерин деңгейі қайтадан жоғарылайды, бұл өз кезегінде миокард инфарктісі немесе инсульттің даму қаупін қайтадан арттырады.

Егер Сіз препаратты қабылдауды тоқтатқыңыз келсе немесе жүктілік болған жағдайда дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз.

Розувастатин-Тева препаратын қабылдау кезінде Сіз диетаны ұстануға (май, холестерин мөлшері аз) және физикалық жаттығулармен айналысуды жалғастыруға тиіссіз.

Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезінсеңіз, дәрігерге қаралу керек.

2. РОЗУВАСТАТИН-ТЕВА ПРЕПАРАТЫН ҚАБЫЛДАР АЛДЫНДА НЕ ТУРАЛЫ БІЛУ КЕРЕК

Розувастатин-Тева препаратын келесі жағдайларда кез келген дозада қабылдамаңыз:

- Егер Сізде розувастатинге немесе осы препараттың кез келген

компонентіне аллергияңыз болса («Қаптаманың ішіндегісі және басқа мәліметтер» толық тізімді 6-шы бөлімнен қараңыз);

- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз. Егер Розувастатин-Тева препаратын қабылдау кезеңінде жүкті болып қалсаңыз, бұл туралы дереу (бұл туралы білгеннен кейін) дәрігерге хабарлаңыз. Розувастатин-Тева препаратын қабылдау кезеңінде бала туу жасындағы әйелдер контрацепцияның сенімді әдістерін пайдалануы тиіс;
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы немесе ауруы болса;
- егер Сізде бүйрек ауруы болса;
- егер Сізде қайталанатын немесе түсініксіз бұлшықет ауруы болса, бұрын Сізде немесе отбасылық анамнезде бұлшықет тарапынан проблемалар болған болса немесе холестеринді төмендететін басқа препараттарды қабылдау кезінде бұлшықет ауыруы байқалса, әсіресе егер бұл проблемалар өзін-өзі нашар сезінумен немесе температураның көтерілуімен қатар жүрсе;
- егер Сіз құрамында циклоспорин бар препаратты қабылдасаңыз (ағзалар трансплантациясынан кейін пайдаланылады);
- егер Сізде кейбір қанттардың (соның ішінде лактозаға) жақпаушылығы болса;
- егер Сіз 6 жастан кіші болсаңыз.

Егер атап көрсетілген мәлідемелердің кез келгені Сізге қатысты болса, **бұл туралы дәрігеріңізге міндетті түрде хабарлаңыз.**

Егер сізде миастения немесе анамнезде миастения болса (кейбір жағдайларда тыныс алу бұлшықеттерінің әлсіздігін қоса, жалпы бұлшықет әлсіздігімен ауру) немесе көз миастениясы (көз бұлшықеттерінің әлсіздігі) жағдайлары болса, статиндерді қабылдау кейде жағдайды нашарлатуы немесе миастенияның пайда болуына әкелуі мүмкін (4-бөлімді қараңыз).

Жоғарыда айтылғандарға қосымша, Розувастатин-Тева препаратын келесі жағдайларда 40 мг дозада қолданбаңыз:

- егер Сізде қалқанша безі функциясының бұзылуы болса;
- егер Сіз көп мөлшерде алкоголь тұтынатын болсаңыз;
- егер Сіз моңғолоидтық нәсілге жатсаңыз;
- егер Сіз фибраттар тобына жататын холестерин деңгейін төмендететін басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз;
- егер Сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз.

Егер аталған мәлімдемелердің кез келгені Сізге қатысты болса, бұл туралы дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз.

Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары

Розувастатин-Тева препаратын қолданар алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз. Төменде көрсетілген жағдайлардың кем дегенде біреуі байқалса (немесе бұрын байқалған болса) дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз:

- Сізде бүйрек функциясының бұзылуы бар;
- Сізде бауыр функциясының бұзылуы бар;
- Сізде қайталанатын немесе түсініксіз бұлшықет ауруы, отбасылық анамнезде бұлшықет ауруы болған немесе бар, немесе холестеринді төмендететін басқа препараттарды қабылдау кезінде бұлшықет тарапынан проблемалар болған, әсіресе егер бұл проблемалар өзін-өзі нашар сезінумен немесе температураның жоғарылауымен қатар жүрсе;
- егер Сіз үнемі көп мөлшерде алкоголь тұтынсаңыз;
- егер Сізде қалқанша безі функциясының бұзылуы болса;
- егер Сіз фибраттар тобына жататын холестерин деңгейін төмендететін басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз. Егер Сіз бұрын холестеринді төмендетуге арналған басқа препараттарды қабылдаған болсаңыз, осы қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз;
- егер Сіз АИТВ-инфекциясын емдеуге арналған препараттарды, лопинавирмен және/немесе атазанавирмен ритонавирді қабылдап жүрсеңіз, «Басқа препараттар мен Розувастатин-Тева препаратының өзара әрекеттесуі» бөлімін оқыңыз;

- егер Сіз 65 жастан асқан болсаңыз;
- егер Сізде тыныс алу ағзалары тарапынан күрделі проблемалар болса;
- егер Сіз моңғолоидтық нәсілге жататын болсаңыз.

Егер Сізге осы мәлімдемелердің кем дегенде біреуі қатысты болса (немесе Сіз сенімді болмасаңыз), **Розувастатин-Тева препаратын дәрігеріңізбен талқыламайынша және ол Сізге қажет дозаны таңдамайынша қабылдамаңыз.**

Зертханалық тесттер және бақылау

Адамдардың аз санында статин тобындағы препараттар бауырға әсер етуі мүмкін. Бауыр функциясының өзгеруін қандағы «бауыр» ферменттерінің деңгейін көрсететін қан талдауымен бақылауға болады. Бұл талдау Розувастатин-Тева препаратын қолдану басталғанға дейін жүргізіледі және онымен емдеу кезінде қайталанады.

Егер Сізде қант диабеті болса, қандағы глюкоза мен липидтердің жоғары көрсеткіштері болса, Сізде артық салмақ болса және нашар бақыланатын жоғары артериялық қысым болса, Сіздің дәрігеріңіз осы препаратты қабылдаған кезде Сіздің жағдайыңызды мұқият бақылайды.

Басқа препараттар және Розувастатин-Тева препараты

Егер Сіз қандай да бір басқа препараттарды қабылдап жатсаңыз, жақында қабылдасаңыз немесе қабылдағыңыз келсе, емдеуші дәрігерге хабарлаңыз.

Розувастатин-Теваны циклоспоринмен (әсіресе ағзалар трансплантациясынан кейін қолданылады), фибраттармен бір мезгілде қабылдамаңыз.

Кейбір препараттар Розувастатин-Тева препаратымен өзара әрекеттесетіні белгілі. Розувастатин-Тева препаратын осы препараттармен қабылдау олардың әсеріне немесе жағымсыз реакциялардың пайда болу ықтималдығын арттыруы мүмкін.

Егер төмендегілерді қабылдап жүрсеңіз, өзіңіздің дәрігерге хабарлаңыз:

- циклоспорин (мысалы, ағзалар трансплантациясынан кейін қолданылады);
- варфарин немесе қанды сұйылтуға арналған кез келген басқа препарат;

- фибраттар (мысалы, гемфиброзил, фенофибрат) немесе холестерин деңгейін төмендету үшін пайдаланылатын кез келген басқа препараттар (мысалы, эзетимиб);
- асқазандағы қышқылдықты төмендету үшін қолданылатын дәрілер;
- эритромицин (антибиотик);
- фузид қышқылы (антибиотик);
- оральді контрацептивтер;
- регорафениб (обырды емдеу үшін пайдаланылады),
- даролутамид (обырды емдеу үшін пайдаланылады),
- алмастыратын гормональді ем;
- ритонавир атазанавирмен, лопинавирмен және/немесе типранавирмен бірге (АИТВ инфекциясын емдеу кезінде пайдаланылады. «Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары» бөлімін оқыңыз).

Розувастатин-Тева препараты тамақпен

Тамақтану Розувастатин-Тева препаратының әсеріне ықпал етпейді.

Жүктілік, бала емізу және фертильділік

Егер сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қабылдар алдында емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Жүктілік немесе бала емізу кезеңінде Розувастатин-Тева препаратын қабылдамаңыз. Егер Сіз Розувастатин-Тева препаратын қабылдаған кезде жүктілік расталған болса, оны қабылдауды тоқтатып, дереу емдеуші дәрігерге хабарлаңыз. Розувастатин-Тева қабылдаған кезде әйелдер жүктіліктен аулақ болып, контрацепцияның сенімді әдістерін пайдалануы тиіс.

Балалар

Розувастатин-Тева препаратын 6 жасқа дейін қолдануға болмайды.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Бас айналу және басқа жағымсыз әсерлердің даму ықтималдығын ескере отырып, көлік құралдары мен басқа механизмдерді басқару кезінде сақ болу керек. Емдеуші дәрігермен міндетті түрде кеңесіңіз.

Қосымша заттарға қатысты айрықша нұсқаулар

Розувастатин-Тева препаратының құрамында лактоза бар. Сондықтан оны кейбір қанттарға (атап айтқанда, лактозаға) жақпаушылық кезінде қолдануға болмайды.

Розувастатин-Тева препаратының құрамына кіретін заттардың толық тізімі «Қаптаманың ішіндегісі және басқа мәліметтер» бөлімінде берілген. Өтініш, онымен танысыңыз.

3. РОЗУВАСТАТИН-ТЕВА ПРЕПАРАТЫН ҚАБЫЛДАУ

Препаратты үнемі емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің нұсқауларына сәйкес қабылдаңыз. Күмән пайда болған кезде емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Егер Сіз Розувастатин-Тева препаратын холестеринді төмендету үшін қабылдап жүрсеңіз

Бастапқы дозасы

Әдетте ұсынылатын бастапқы доза күніне бір рет 5 мг немесе 10 мг құрайды, тіпті егер Сіз бұрын едәуір жоғары дозаны немесе статин тобының басқа препараттарын қабылдаған болсаңыз да. Дәрігер Сізге қажет дозаны төмендегіге сүйене отырып таңдайды:

- қан талдауының нәтижелері - холестеринге, ТТЛП, ТЖЛП;
- миокард инфарктісі немесе инсульттің даму қаупінің деңгейі;
- жағымсыз реакциялардың даму қаупін арттыруы мүмкін факторлардың болуы.

Сіз үшін оңтайлы бастапқы доза тағайындалғанын дәрігеріңізбен тексеріңіз.

Дәрігер Сізге Розувастатин-Тева препаратын күніне 1 рет 5 мг дозада тағайындауы мүмкін, егер:

- Сіз моңғолоидтық нәсілге жатсаңыз;
- Сіз 65 жастан асқан болсаңыз;
- Сізде бүйрек функциясының орташа бұзылуы болса;
- Сізде бауыр функциясының орташа бұзылуы болса;
- Сіз бұлшықет ауруы мен ауыру сезімінің (миопатия) даму қаупіне бейім болсаңыз;
- Сізде қандағы розувастатинның жоғары концентрациясына тұқым қуалайтын бейімділік болса.

Дозаны арттыру және ең жоғары тәуліктік доза

Сіздің дәрігер қандағы холестерин деңгейін төмендетуде қажетті нәтижеге жету үшін Розувастатин-Тева препаратының дозасын күніне 40 мг ең жоғары тәуліктік дозаға дейін арттыруы мүмкін. Дозаны арттыру, әдетте, тағайындалған дозаны қабылдауды бастағаннан кейін 4 аптадан кейін орын алады. Розувастатин-Тева препаратының ең жоғары тәуліктік дозасы күніне 40 мг құрайды. Бұл доза холестерин деңгейі елеулі жоғарылаған және миокард инфарктісі немесе инсульттің даму қаупі жоғары пациенттерге, сондай-ақ розувастатиннің едәуір төмен дозаларында холестерин деңгейі төмендемейтін пациенттерге ғана жарамды.

Егер Сіз миокард инфарктісі, инсульт немесе онымен байланысты денсаулықпен болатын проблемалардың даму қаупін азайту үшін Розувастатин-Тева препаратын қабылдап жүрсеңіз

Ұсынылатын доза күніне 20 мг құрайды. Алайда, егер Сізде жоғарыда атап көрсетілген қауіп факторларының кем дегенде біреуі болса, дәрігер Сізге едәуір төмен дозаны тағайындауы мүмкін.

Балаларда және жасөспірімдерде қолдану

6 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге арналған дозалау аралығы күніне бір рет 5 мг-ден 20 мг-ға дейінді құрайды. Әдетте ұсынылатын бастапқы доза күніне бір рет 5 мг құрайды және емдеуші дәрігер дозаны біртіндеп арттыруы мүмкін.

Розувастатин-Тева препаратының ең жоғары тәуліктік дозасы емдеу үшін көрсетілімдерге байланысты 10 мг немесе 20 мг құрайды.

Таблеткаларды қалай қабылдау керек

Әр таблетканы сумен іше отырып, тұтастай (ұсақтамай және шайнамай) жұту керек. Розувастатин-Тева препараты күніне 1 рет қабылданады. Сіз таблетканы тәуліктің кез келген уақытында, тамақтану уақытына қарамастан қабылдауыңызға болады. Таблеткаларды қабылдауды ұмытпаңыз, таблетка қабылдау қажеттілігін еске салудың ыңғайлы тәсілдерін пайдаланыңыз.

Холестерин деңгейін үнемі бақылау

Холестерин деңгейінің төмендеуіне және тиісті деңгейде болуына көз жеткізу үшін дәрігерге үнемі бару өте маңызды.

Сіздің дәрігеріңіз қажетті нәтижеге жету үшін дозаны көбейту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Егер Сіз Розувастатин-Тева препаратын қажеттіден көбірек қолдансаңыз

Көмек алу үшін дәрігермен байланысыңыз немесе медициналық мекемеге хабарласыңыз. Бұл жағдайда Сіз Розувастатин-Тева препаратын қабылдап жүргеніңізді міндетті түрде хабарлаңыз.

Егер Сіз Розувастатин-Тева препаратын қолдануды ұмытып кетсеңіз

Уайымдамаңыз, қажетті уақытта кезекті дозаны қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаның орнын толтыру үшін қосарлы дозаны қабылдамаңыз.

Егер Сіз Розувастатин-Тева препаратын қолдануды тоқтатсаңыз

Розувастатин-Тева препаратын қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдағаныңыз туралы дәрігерге міндетті түрде хабарлаңыз. Бұл жағдайда қандағы холестерин деңгейі қайта көтерілуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Егер Сізде Розувастатин-Тева препаратын қабылдау туралы сұрақтарыңыз болса, оларды емдеуші дәрігермен талқылаңыз.

4. БЫҚТИМАЛ ЖАҒЫМСЫЗ РЕАКЦИЯЛАР

Барлық препараттар сияқты, Розувастатин-Тева препараты жағымсыз реакцияларды туындатуы мүмкін, бірақ олар бәрінде бірдей пайда бола бермейді. Бұдан бөлек, олар әдетте елеусіз айқын және өздігінен басылады.

Егер Сіз төменде көрсетілген жағымсыз реакциялардың кем дегенде біреуін өзіңізде тапсаңыз, **препаратты қабылдауды тоқтатып, дереу медициналық көмекке жүгініңіз:**

- беттің, еріннің, тілдің және/немесе тамақтың ісінуімен тыныс алудың қиындауы;
- жұтудың қиындауын туындатуы мүмкін беттің, еріннің, ауыздың және/немесе тамақтың ісінуі;
- терінің қатты қышынуы (ісірудің жоғарылауымен).

Сондай-ақ, Розувастатин-Тева препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және әдеттен тыс ұзақ уақытқа созылатын түсініксіз бұлшықет ауруы пайда болса, дереу емдеуші дәрігерге хабарласыңыз.

Осы топтағы басқа препараттар сияқты, өте аз адамдар бұлшықеттер тарапынан қолайсыз сезімдерін бастан кешірді, бұл сирек өмір үшін потенциалды қауіпке әкелетін бұлшықеттердің зақымдануы - рабдомиолиз.

Сондай-ақ басқа жағымсыз реакциялар кездеседі:

Жиі реакциялар (10 адамның 1-нен артық емес пайда болуы мүмкін):

- бас ауыруы;
- бас айналуы;
- іштің ауыруы;
- іш қату;
- жүрек айнуы;
- бұлшықеттің ауыруы;
- әлсіздік сезімі;
- несепте ақуыздың пайда болуы. Әдетте, бұл реакция өздігінен басылады және препаратты тоқтатуды қажет етпейді (40 мг дозадан басқа);
- қант диабеті. Бұл жағымсыз әсердің дамуы, егер Сізде оның даму қаупі

жоғары болса, едәуір ықтимал («Розувастатин-Тева препаратын қабылдар алдында не туралы білу керек» 2-ші бөлімді қараңыз).

Жиі емес реакциялар (100 адамның 1-нен артық емес пайда болуы мүмкін):

- терінің қышынуы, тері бөртпесі, есекжем;
- несепте ақуыздың пайда болуы. Әдетте, бұл реакция өздігінен басылады және препаратты тоқтатуды қажет етпейді (тек 5-20 мг дозаларға қолданылады).

Сирек реакциялар (1000 адамның 1-нен артық емес пайда болуы мүмкін):

- қандағы тромбоциттер санының азаюы, бұл өз кезегінде қан кету немесе гематомалардың түзілу қаупін арттыруы мүмкін;
- бұлшықеттің зақымдануы. Розувастатин-Тева препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және әдеттегіден ұзағырақ әдеттен тыс ауырсыну немесе бұлшықет ауруы болса, емдеуші дәрігерге хабарласыңыз;
- ұйқы безінің қабынуы (іштің және арқаның қатты ауыруымен көрінеді);
- қандағы «бауыр» ферменттері деңгейінің артуы;
- жүйелі қызыл жегінің көріністеріне ұқсас жегі тәрізді синдром, мысалы, температураның жоғарылауы, буындардың, бұлшықеттердің ауыруы кейбір препараттарды қабылдаумен байланысты.

Өте сирек реакциялар (10000 адамның 1-нен артық емес пайда болуы мүмкін):

- сарғаю (тері мен көз ағының сары реңктің пайда болуы);
- гепатит (бауырдың қабынуы);
- несептегі қан іздері;
- буын ауруы;
- есте сақтау қабілетінің төмендеуі немесе жоғалуы;
- қол мен аяқтың ұюы (нейропатия);
- гинекомастия (ерлерде сүт бездерінің ұлғаюы);

Жиілігі белгісіз – қолда бар деректер негізінде жиілігін бағалау мүмкін емес

- диарея (сұйық нәжіс);
- Стивенс-Джонсон синдромы (терінің, ауыздың, көздің және жыныс

мүшелерінің тарапынан ауыр бұзылулар);

- жөтел;
- тыныс алудың қиындауы;
- ісіну;
- ұйқысыздық пен шым-шытырық түстерді қоса, ұйқының бұзылуы;
- сексуалды сала тарапынан бұзылулар;
- депрессия;
- тұрақты жөтел және/немесе тыныс алудың қиындауы немесе қызбаны қоса, тыныс алу ағзалары тарапынан проблемалар;
- сіңірлердің зақымдануы;
- тұрақты бұлшықет әлсіздігі;
- гравис миастениясы (жалпы бұлшықет әлсіздігін туындататын ауру, кейбір жағдайларда тыныс алу бұлшықеттерінің әлсіздігі);
- миастенияның көздегі түрі (көз бұлшықеттерінің әлсіздігін туындататын ауру).

Егер сіз белсенділік кезеңінен кейін күшейетін қолдарыңызда немесе аяқтарыңызда әлсіздік, көзге қос көріну немесе қабақтың түсуі, жұтудың қиындауы немесе енгігу болса, дәрігерге қаралуыңыз керек.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер Сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, дәрігермен, фармацевтпен немесе медбикемен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, соның ішінде қосымша парақта көрсетілмегендерге де қолданылады. Сіз сондай-ақ жағымсыз реакциялар туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында анықталған дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (іс-қимылдар) жөніндегі ақпараттық дерекқорға тікелей хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау арқылы Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасында жағымсыз реакциялар туралы ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК хабарлау ұсынылады (интернет-сайты <https://www.ndda.kz/>).

Ресей Федерациясында жағымсыз реакциялар туралы Федералды денсаулық сақтауды қадағалау қызметіне хабарлау ұсынылады (интернет-сайты <https://roszdravnadzor.gov.ru/>).

Беларусь Республикасында жағымсыз реакциялар туралы Денсаулық сақтау министрлігі «Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар және сынақтар орталығы» РУК хабарлау ұсынылады (<https://www.rceth.by/>).

Армения Республикасында жағымсыз реакциялар туралы «Академик Э. Габриелян атындағы дәрілерді сараптау және медициналық технологиялар ғылыми орталығы» ЖТАҚ хабарлау ұсынылады (интернет-сайты www.pharm.am).

Қырғыз Республикасында жағымсыз реакциялар туралы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаментіне хабарлау ұсынылады (интернет-сайты <http://www.pharm.kg/>).

5. РОЗУВАСТАТИН-ТЕВА ПРЕПАРАТЫН САҚТАУ

5.1. Жарамдылық мерзімі өтетін күн (сақтау мерзімі)

Препаратты балалардың қолы жетпейтін және көре алмайтындай жерде сақтаңыз.

Картон қорапшасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін препаратты қабылдамаңыз. Жарамдылық мерзімінің өтетін күні айдың соңғы күні болып табылады.

5.2. Сақтау шарттары.

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен қажет емес препаратты қалай утилизациялау керектігін нақтылаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. ҚАПТАМАНЫҢ ІШІНДЕГІСІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МӘЛІМЕТТЕР

6.1 Әсер етуші заттар мен қосымша заттардың толық тізімі.

Розувастатин-Тева препаратының құрамында:

Розувастатин-Тева препаратының әсер етуші заты розувастатин болып табылады.

Розувастатин-Тева, 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 5 мг розувастатин бар (5.21 мг кальций розувастатині түрінде)

Өзге ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза (Avicel PH 102), лактоза моногидраты (Tabletose 80), В типті кросповидон (Polyplasone XL 10), гидроксипропилцеллюлоза (Klucel LXF), натрий гидрокарбонаты, магний стеараты.

қабықтың құрамы: *Opadry II сары 33K82698* (лактоза моногидраты, гипромеллоза бсР, титанның қостотығы (E171), триацетин, темірдің сары тотығы (E172))

Розувастатин-Тева, 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 10 мг розувастатин бар (10.42 мг кальций розувастатині түрінде)

Өзге ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза (Avicel PH 102), лактоза моногидраты (Tabletose 80), В типті кросповидон (Polyplasone XL 10), гидроксипропилцеллюлоза (Klucel LXF), натрий гидрокарбонаты, магний стеараты.

қабықтың құрамы: *Opadry II Pink 30K84560* (лактоза моногидраты, гипроксипропилметилцеллюлоза 2910/ гипромеллоза бсР, титанның қостотығы (E171), триацетин, темірдің қызыл тотығы (E172))

Розувастатин-Тева, 20 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 20 мг розувастатин бар (20.82 мг кальций розувастатині түрінде)

Өзге ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза (Avicel PH 102), лактоза моногидраты (Tabletose 80), В типті кросповидон (Polyplasone XL 10), гидроксипропилцеллюлоза (Klucel LXF), натрий гидрокарбонаты, магний стеараты.

қабықтың құрамы: *Opadry II Pink 30K84560* (лактоза моногидраты, гипроксипропилметилцеллюлоза 2910/ гипромеллоза бсР, титанның қостотығы (E171), триацетин, темірдің қызыл тотығы (E172)

Розувастатин-Тева, 40 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 40 мг розувастатин бар (41.68 мг кальций розувастатині түрінде)

Өзге ингредиенттер (қосымша заттар): микрокристалды целлюлоза (Avicel PH 102), лактоза моногидраты (Tabletose 80), В типті кросповидон (Polyplasone XL 10), гидроксипропилцеллюлоза (Klucel LXF), натрий гидрокарбонаты, магний стеараты.

қабықтың құрамы: *Opadry II Pink 30K84560* (лактоза моногидраты, гипроксипропилметилцеллюлоза 2910/ гипромеллоза бсР, титанның қостотығы (E171), триацетин, темірдің қызыл тотығы (E172)

6.2 Дәрілік түрі, салмағы, көлемі немесе дозалау бірлігі бойынша бастапқы қаптаманың сипаты мен ішіндегісі.

Розувастатин-Тева препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Розувастатин-Тева, 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Дөңгелек, екі беті дөңес, екі жағы тегіс, сары түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Розувастатин-Тева, 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Дөңгелек, екі беті дөңес, бір жағында сындыру сызығы бар және екінші жағы тегіс, қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Розувастатин-Тева, 20 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Дөңгелек, екі беті дөңес, бір жағында сындыру сызығы бар және екінші жағы тегіс, қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Розувастатин-Тева, 40 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Сопақша пішінді, екі беті дөңес, бір жағында сындыру сызығы бар және екінші жағы тегіс, қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Поливинилхлорид/поливинилиденхлорид үлбірінен/алюминий фольгадан жасалған блистерге немесе бейімделген полиамид/алюминий фольга/поливинилхлоридтен жасалған қаптамаға 10 таблеткадан салады.

3 (5 мг, 10 мг, 20 мг, 40 мг дозалар үшін) немесе 9 (10 және 20 мг дозалар үшін) блистерден қолдану жөніндегі нұсқаулықпен (қосымша парақ) бірге картон қорапшаға салынады.

6.3. Тіркеу куәлігін ұстаушысының және шығарушы сапаны бақылауға жауапты өндірушінің атауы мен мекенжайы.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Teva Pharmaceutical Industries Limited, Израиль

Basel 5 street, Petach-Tikva 4951033

Өндіруші

Teva Pharma S.L.U., Испания

C/C, n. 4, Poligono Industrial Malpica, Zaragoza, 50016

6.4 Одақ аумағындағы тіркеу куәлігі ұстаушысының өкілдерінің тізбесі

Препарат туралы кез келген ақпарат үшін, сондай-ақ шағымдар пайда болған жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына жүгіну керек

Қазақстан Республикасы

«ратиофарм Қазақстан» ЖШС, 050059 (A15E2P), Алматы қ.,

Әл-Фараби даңғылы 17/1, Нұрлы Тау БО, 5Б, 6 қабат.

Телефон: (727)3251615;

e-mail: info.tevakz@tevapharm.com; веб-сайт: www.kaz.teva.

6.5 Қосымша парақ қайта қаралды

Бұл препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында берілген: Қосымша парақ Одақтың барлық тілдерінде Одақтың веб-сайтында қол жетімді.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО
ПЕЧАТЬЮ

(на _____ листах)

ПАРАК / ЛИСТОВ 8107 24

КУНИ / ДАТА _____

